ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

14 мамыр 2024 жыл № 3115-24-00-2/882 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.М.Тажиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қаратау қалалық әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Алинұр Project» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Айыппұл сомасын өндіру
3. Келісім шартты бұзу

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптардын қатысуынсыз
Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы АПК-нің 147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

Ш Е Ш І М Е Т Т І :

Талап қоюшы «Қаратау қалалық әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер «Алинұр Project» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану, айыппұл сомасын өндіру және келісім-шартты бұзу туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Талап қоюшы «Қаратау қалалық әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер «Алинұр Project» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне келісім-шартты бұзу туралы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

«Алинұр Project» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Алинұр Project» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 87 248 (сексен жеті мың екі жүз қырық сегіз) теңге айыппұл сомасы өндірілсін.

«Алинұр Project» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 4 463 (төрт мың төрт жүз алпыс үш) теңге сот шығындары өндірілсін.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 14.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 25.06.2024, судья Ажакаева Г. К., 27.06.2024
3115-24-3-1/914

тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья: Г.М.Тажиева

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 14.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.06.2024, судья Ажакаева Г. К., 27.06.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»